

Жаңа Жолдаудан күтеріміз көп

Таяуда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты кезекті Жолдауын жариялады. Жолдаудың жүрт көңілінен шығар жағынды жаңалықтары да аз емес. Мәселен, кең байтақ еліміздің экономикасын өрге сүйреттін негізгі салалардың санатындағы ауыл шаруашылығының езекті мәселелері, еңбек адамының тәккен терінің тыым арзан бағалануы, т.б. Президент назарынан тыс қалмапты.

Жердің шетелдіктерге сатылмайтынын жеткізіп, қоғамда, әлеуметтік желіде дау дамайға үласқан пікірталасқа нұкте қоюы да біздіңше көрегендік болды. «Көреген басшы елді өсіреді» деп дана халқымыз да осындаға айтқан болар. Оған қоса Мемлекет басшысы ұзақ мерзімге берілетін арзан несиенің болмауы да ел тұрғындарының әлеуметтік жағдайының оналуына тұсау болып отырғанын тарқата айтЫп, көсіби мамандар тапшылығын жоюды шұғыл түрде қолға алуды тапсырыды.

Білімді ендің болашағы баянды. Бұл салаға да Жолдауда айтарлықтай басымдық берілген. Яғни, келесі жылдан бастап бала жанының бағбандары – устаздар қауымының да жалалысы 25 пайызға артып, бұл мақсатқа алдағы үш жылда

қосымша 1,2 трлн. теңге белінбек.

Диплом тарататын ЖОО-ларды жабуды үсынып, мәселені төтесінен қойған Мемлекет басшысы білім беруді табыс көзіне айналдырудың алдын алу арқылы зияткер үлт қалыптастыруға кедергі болатын әрекеттерге тосқауыл қоюды көздейтінін де байқатып отыр. Демек Үкіметке жүктелген үздіксіз білім беру тұжырымдамасынан үміт мол. Қолжетімді әрі сапалы білім ғана үлтты биік шынға жетелейді.

Дала данышпаны Хөкім Абай да «Бір ғылымнан басқаның, кеселі көп асканға» деп бекерге тәмсілдемеген болар. Олай болса, Президенттің ғылымды дамытуға тың көзқарас пен жаңа тәсілдердің аса қажет болып тұрғанын ескеріп, жыл сайын әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында 500 ғалымның тағылымдамадан етуін қамтамасыз етуін тапсыруы, ғылым дайтұғын ұшы-қыры жоқ ғажайып әлемге имене аяқ басқан жас буынның алғашқы талпынысын барынша қолдап-куаттап, «Жас ғалым» жобасы аясында 1000 грант бөлуді міндеттеуі құттарлық-ақ қадам.

Әрине, Президенттің айтқандай ірі бизнес екілдері өскелен үрпақ қамы үшін әңірлік университеттердің ғылыми қызыметін өз қамқорлығына алса, нур үстіне нұр болары анық. Осы



тұрғыдан келгенде біз де:

елімізді ғылыми-технологиялық тұрғыдан дамытудың арнаулы бағдарламасы жасалғанын қуп көреміз.

Корыта айтқанда, қоғамдағы түйткілді мәселелерді арқау еткен, табысты мемлекетке айналуды мұрат тұтқан бул Жолдаудың жәні бөлек. Өйткені әлемдік індегі әлек салып, әлеуметтің әлеуеті әлсіреген тұста қай салаға болсын жаңа леп, тың серлін қажет-ақ.

Жаңа Жолдау осы олқылықтардың орнын толтырады деп сенеміз. Ел Президентінің Жолдауын мейлінше насихаттап, межеміндеттерді мінсіз жүзеге асыру – ұжданды да үлтжанды азаматтың бәріне ортақ міндет.

**Сейдехан ӘЛІБЕК,
М.Әуезов атындағы Оқу
колледжінің директоры,
тарих ғылымдарының
докторы.**